

У.Т. Карабалин^{1*} , Ж.О. Небесаева¹ 

¹Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
Шымкент қ., 160000, Қазақстан Республикасы
*e-mail: oraz_74@mail.ru

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА КӨРКЕМ БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГЫНЫҢ КӘСІБИ БІЛКІТІЛГІН АРТТЫРУДАҒЫ ИНТЕГРАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Андатпа

Ғылыми мақала жоғары білім берудің модернизациялаудың үдерісінде көркем білім беру пәндерін академиялық белгіленген оқу мерзімінде болашақ педагогтің кәсіби шеберлігі мен құзыреттіліктерін дамыту үшін тиімді интеграциялық оқыту маңыздылығын зерттеу болып табылады. Зерттеу мақсаты-көркем білім беруде интеграциялық оқыту үдерісінің тиімділігін арттыру, мазмұны мен тетіктерін анықтап, оның жүзеге асуына кедергі келтіретін факторларды айқындау. Интеграциялық оқыту үрдісінде оқытушылардың ынтымақтастыққа қабілеттілігін, оқу бағдарламасында біріктіруін, педагогикалық үдерісте тиімді әдістерін қолдануы мен жүйелі жасалуында басшылықтан және ұжымда өзара қолдау табу мәселесіндегі негізгі кедергілерін анықтау.

Зерттеу ғылыми әдебиеттерден, диссертациялардан және мақалалардан тақырыпқа байланысты кілттік сөздер арқылы журналдардан алынып теориялық анализ, синтез, дедукция және индукция әдістері қолданған. Интеграциялық білім мәселелері бойынша көркем білім беру мамандығының оқытушыларынан педагогикалық ғылыми эмпирикалық әдісте сауалнама жүргізіліп эксперимент нәтижесіне талдау жүргізілген. Сауалнама нәтижесі мен ғылыми еңбектер тұжырымдарын салыстармалы талдаудан интеграциялы оқыту үрдісінде оқытушылардың сенімсіздік салдары, интеграция әдістерін толық түсінбеуі, академиялық пәндерді дәстүрлі оқытуды пайдаланудан шыға алмауы және оқытушылар арасында пәнаралық оқыту ынтымақтастығы мен ұжымдық жұмыстарындағы ортақ негізгі кедергілері зерттеледі. Мақалада көркем білім беруде интеграциялы оқыту үрдісінің және оны жүзеге асыруда алғы шарттарының тиімділігін анықтауға негізделген.

Негізгі сөздер: көркемдік білім, болашақ педагог, арнайы пәндер интеграциясы, кәсіби шеберлік, шығармашылық қабілет.

Кіріспе

Көркем білім берудің жаңашылдығы заманауи талаптардың сұраныстарынан туындап, үнемі тенденция мен өзгерістер білікті педагогты талап етуде. Қоғамда білікті жеке тұлғаның қалыптасуы, болашақ педагогтарының кәсіби дағдысының дамуына байланысты. Сондықтан, білім беру сапасын арттыруда болашақ педагогтердің кәсіби біліктілігі өзекті мәселе болып табылады. Болашақ педагогтердің кәсіби біліктілігін дамыту - тек бір пәннің шеңберінде ғана емес, бірнеше бағыттағы білім мен дағдыны біріктіріп интеграциялы оқытудың түрлі әдіс-тәсіліндегі жұмыс үдерісі. Қоғамда кәсіби құзыретті заманауи білім беру сұраныстарына жауап беретін әмбебап (интеграцияланған) педагогты дайындауға шұғыл қажеттілік бар. Болашақ педагогтің бұл түрін қалыптастыру және дамыту бірыңғай білім беру кеңістігі контекстінде құрылған біртұтас педагогикалық үдеріс жағдайында жоғары оқу орындарының (ЖОО) профессор-оқытушы құрамымен (ПОҚ) жүзеге асыратын интеграциялық үрдістер шеңберінде ғана мүмкін болады [1]. Демек, білім беру сапасын арттыруда болашақ педагогтердің кәсіби дағдысын дамытудағы өзекті мәселесінің шешімі жоғары оқу орында оқытушылар құрамының бірлескен, интеграциялық жұмыс үдерісі шеңберінде жүзеге асады. Бұндай үрдіс әсіресе көркем білім беру саласында өзекті, себебі бейнелеу өнері, мүсін, пластикалық анатомия секілді арнайы пәндер білім алушылардың кәсіби білімі мен дағдыларын кешенді түрде қалыптастырады.

Мақалада жоғары оқу орындарының оқытушылары жүзеге асыратын интеграциялық білім беру үдерісінің көркем білім беру бағытындағы болашақ педагогтардың кәсіби

біліктілігін арттырудағы рөлі қарастырылады. Зерттеу қазіргі білім беру дамуы жағдайында көркем білім беруде интеграциялаудың маңыздылығын, пәнаралық байланыстың жаңашылдығын, білім берушілердің ынтымақтастыққа қабілеттілігін айқындау. Сондай-ақ оқу бағдарламаларында интеграция мақсаттары мен міндеттерін нақтылау, педагогикалық үдерісте тиімді әдістерді қолдану, білім беру процесін жүйелі ұйымдастыру барысында практикалық және теориялық дағдыларға қойылатын мәселелері талданады. Практикалық және теориялық дағдыларға қойылатын талаптардың едәуір күрделене түсуі, жоғары оқу орындарындағы көркемдік білім берудегі әдістемелер мен практикалық курстардың құрылымын жетілдірудегі проблемалардың өзекті мәселеге айналуына байланысты [2]. Көркем білім беру процесінде академиялық белгіленген өлшеулі сағаттарында, болашақ педагогтің кәсіби шеберлігі мен дағдыларын дамыту білім алушының арнайы шығармашылық пәндерінің тәжірибелік жұмыстарының нәтижесіне байланысты. Арнайы шығармашылық пәндердің тәжірибелік жұмыстарында білім алушылардың бейнелеу, композициялық және эстетикалық қабілеттерін жетілдірумен қатар, кәсіби-бағытталған ойлау, проблеманы шешу және өзіндік көркемдік шешім қабылдау дағдыларын дамыту кешенді жүзеге асады. Болашақ педагогтің бейнелеуде кәсіби дағдылары жазықтықта кеңістік, форма, көлем, түстік қатынас, көркем мәнерін беру жеке академиялық пәнмен толықпайды, ол білім алушылардың академиялық күнтізбесінде біріктірілген пәндерді оқыту тәжірибесінің жетістігімен дамиды [3]. Сондықтан, жоғары оқу орындағы болашақ көркем білім беру педагогының кәсіби шеберлігі мен құзыреттілігін дамыту үшін, білімде арнайы пәндердің интеграциялы оқыту маңызды болып табылады.

Зерттеу барысы ғылыми әдебиеттерден, диссертациялардан және мақалалардан тақырып мәселесі нақтыланды. Нақтыланған интеграциялық білім мәселелері бойынша көркем білім беру мамандығының оқытушыларынан педагогикалық ғылыми эмпирикалық әдісте сауалнама жүргізіліп эксперимент нәтижесіне талдау жүргізілді. Міндет білім алушының кәсіби білімін дамытуда интеграциялы оқыту, көркемдік білім арнайы пәндеріннің өзара әрекеттесуінен, білімді жетілдіруде қаншалықты бірін-бірі толықтыратын анықтау. Педагогикалық жоғары оқу орындарында көркем білім беруде интеграциялы оқытуды тиімді жүзеге асыруда бірқатар кемшіліктер, кедергілер және қайшылықтарын зерттеу. Атап айтқанда, әдістемелік қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі, оқытушылар арасындағы үйлестірудің әлсіздігі, уақыт шектеулері, пәнаралық жобаларды жоспарлау мен жүзеге асырудағы қолдаудың жеткіліксіздігі сияқты мәселелер интеграцияның толық әлеуетін табу. Осы кемшіліктер мен қайшылықтарды айқындау, талдау және оларды еңсеру жолдарын ұсыну — зерттеудің басты ғылыми негізі болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Көркем білім беру бағдарламасында интеграциялы білім беру қалай жүзеге асуда? Философияда интеграция қалпына келтіру, толықтыру, бұрын әртекті бөліктер мен элементтерді тұтастай біріктірумен байланысты даму үрдісі ретінде қарастырылады [4]. Интеграциялы байланыс тұтас жүйелі оқытуда құрамдас бөліктерінен байланыстарды болжайды, оқыту мазмұнында, оның түрінде, әдісінде, оқыту процесі пәндерді біріктіреді, анықтайды. Демек, интеграциялаудың негізгі мақсаты — тұлғаны дамыту мен қалыптастыруда, оқыту бағдарламасында пәнаралық байланыста педагогикалық білім үрдісін құру. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 1-бабы 26-тармағында «...интеграцияланған білім беру бағдарламалары — білім беру бағдарламаларының тиісті мазмұнды аспектілерін біріктіру негізінде әзірленген білім беретін оқу бағдарламалары; сондай-ақ, 3-бабы 7-тармағында білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі; 3-бабы 8-тармағында оқытудың, тәрбиенің және дамытудың бірлігі» деп атап көрсетіледі [5]. Сондықтан, көркем білім оқу бағдарламасында дәстүрлі академиялық арнайы пәндерін оқыту үрдісін маңыздылығын

ескере отырып, теориялық және тәжірибелік дағдыны дамытуда, пәнаралық байланыстың ортақ мақсат-міндеттерінің тиімді білім беру мазмұнын, белсенді оқудың әдістері мен түрлерін және оқу-тәрбие үрдісін жүзеге асыру технологиясын жүйелі интеграция шеңберінде оқытушы профессорлар құрамымен құрылуы керек.

Болашақ педагогтің интеграциялы білім беруде кәсіби шеберлігі мен дағдысын арттыру тәжірибелік сабақтарының нәтижесі білім алушының іс-әрекетінде бейнелеу көркем құралдарын, композиция үйлесімділік заңдылықтарын, танымда байқағыштық қабілеттерін, шығармашылық ойлау мен дағдыларын дамыту теория негіздеріне де байланысты. И.А.Башкатов ғылыми зерттеуінде көркемдік білім беру арнайы шығармашылық пәндерінің теориялық және тәжірибелік кешенді оқытудың жеткіліксіздігі мәселесіне тоқталды. Білім алушылардың біртұтас білімдері мен дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін сурет, мүсін және пластикалық анатомия пәндерін өзара байланысқан оқу пәндері ретінде қарастыру қажет. Бұл пәндер бейнелеу құрылымында ортақ қағидаларға, заңдылықтарға, ұғымдар мен анықтамаларға негізделуі тиіс [6]. Демек, дағды дамыту мәселесінде бірін-бірі толықтырушы, тақырыпты меңгеруде көркем білім пәндерінің өзара байланысында ортақ мазмұнын біріктіре отырып, көркем білім беру оқу бағдарламасынан өзара тәуелді пәндердің тақырыптары арасында «қарапайымнан күрделіге» тәжірибелік жұмысты толықтыруда интеграцияның тұтас жүйелі қағидасын қажет етеді. Көркем білімде пәнаралық сабақтастықта теориялық және тәжірибелік сабақтардың неғұрлым тиімді түрлері мен әдістерін талдап зерттеу арқылы болашақ педагогтің кәсіби сауаттылығын қалыптастыру зерттеулерінің нәтижелерінен И.А.Башкатов өзінің эксперимент нәтижелеріне сүйене отырып, интеграциялы оқыту арқылы болашақ педагогтің арнайы және кәсіби дайындық деңгейін едәуір арттыруға, сондай-ақ академиялық мектептің үздік дәстүрлерін жалғастыруға, сурет, мүсін және пластикалық анатомияны оқыту әдістемесін жетілдіруге, білім алушылардың оқу материалын игеру процесін жеңілдетуге және азайтуға болатындығын растады. Ол үшін сурет, мүсін және пластикалық анатомия пәндері біртұтас интеграция ретінде қарастырылып, бейнеленетін нысандардың пішінін кешенді зерттеу арқылы білім, білік және дағдыларды қалыптастырудың тиімді құралы ретінде қарастырды [6.-250 б]. Демек, болашақ көркем білім беру педагогінің кәсіби шеберлігі мен құзыреттілігін және шығармашылық дағдыларын дамытуда арнайы пәндерді біртұтас интеграция ретінде қарастырылып кешенді зерттеу арқылы білім, білік және дағдыларды қалыптастырудың тиімді құралдарымен оқу үрдісін жеңілдетуге және қысқа мерзімде меңгеруге болады.

Білім алушылардың арнайы шығармашылық пәндерінде теориялық және тәжірибелік дағдыларын дамыту үшін пәнаралық оқу үрдісіне элективті курстарда маңызды. Білім бағдарламасында білім алушылар элективті курстарды таңдауы интеграциялы білім беруде келесі нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді: көркем білімде теориядан тәжірибеде дағды тереңдеуі; кәсіби шығармашылық қабілетінің дамуы; орындау әдістері мен құралдарын меңгеруі; өнерде көркемдік ой қалыптасуы. Мәселені және оны шешудің кейбір шараларын анықтай отырып, элективті курстар аясында оқу үдерісіне бейнелеу өнері мұғалімдерін даярлаудың дәстүрлі тәжірибесіне кірмейтін көркемдік сауаттылық мәселелерін дамытуға болады [7]. Осылайша, элективті курстарды пәнаралық оқу үдерісіне енгізу білім алушылардың теориялық және тәжірибелік дағдыларын кешенді дамытуға, кәсіби шығармашылық әлеуетін арттыруға және көркемдік ойлауын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл бағыт көркем білім беру бағдарламасының мазмұнын байытып қана қоймай, дәстүрлі тәжірибесінде көркемдік сауаттылық мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Көркемдік білім берудегі педагогтің кәсіби біліктілігін арттыруда жоғары оқу орында интеграциялы білім беру үдерісіндегі негізгі кедергілеріне тоқталайық. Атап айтқанда, педагогтардың оқу бағдарламасында пәндерді интеграциялық оқыту үдерісін

төмендететін басты мәселерін қарастырамыз. Біріктірілген оқытуға қатысатын оқытушылардың көпшілігі тек өз пәні бойынша маманданған, ал пәнаралық байланыс орнатуға дайын емес. Бұл олардың бірігіп жұмыс істеуіне кедергі келтіреді [8]. Көркем білім оқытушылары арасында ынтымақтастық, пәнаралық оқытудың сәтті жүзеге асуына негіз бола алады, өзара келісіліп, бөлісіп оңтайланған жүйелі жоспар жұмыстың сәттілігінің кепілі болады. Оқу бағдарламасындағы байланыстарды ашу үшін мұғалімдердің бір-бірімен оқу құралдары мен идеяларымен бөлісуі керек [9]. Демек, оқу бағдарламасындағы пәндер арасындағы өзара байланыстарды тиімді ашу үшін педагогтар арасында оқу-әдістемелік материалдар мен идеялар алмасу тәжірибесін жүйелі жолға қою маңызды. Бұл өз кезегінде пәнаралық өзара іс-қимылды күшейтіп, білім беру үдерісінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Келесі мәселе білім берушілердің өз оқыту пәніне тәуелділігі. Қазіргі таңда көркемдік білім беруде дәстүрлі академиялық жеке пәнімен шектелу, білім алушылардың шығармашылық ойлауда жан-жақты дамына кері әсерін береді. Дәстүрлі оқу бағдарламасы, негізінен, жаттауға мән бергенімен, күрделі ойлау қабілетін дамытуға көмектеспейді [10]. Демек, көркем білімде білім алушылардың нысанды шынайы орындау қабілетін ғана емес сонымен қатар, креативті ойлау дағдысын дамытуда интеграциялы оқытудың маңызы бар.

Ұжымда интеграциялы білім беруде пәндерді жоспарлау мен ұйымдастыру дұрыс жолға қойылмауы білім сапасына кері әсерін береді. ЖОО-дағы оқытушылар арасында бірлесе жұмыс жасау тәжірибесі жоқ немесе өте төмен деңгейде, бұл біріктірілген оқыту үдерісін тежейді [11]. Ғалымдар интеграциялы үрдіс білім берушілер арасында топтық жұмыс мәдениетінің қалыптаспауын басты кедергі екеніне тоқталады. Демек, оқу бағдарламасындағы модуль пәндерінің байланыстыру іске аспауы, өз пәндерімен шектелуі, байланыс орнату, ортақ тақырып таңдау және әдістерін жасақтауда уақыт тапшылығы, материалдық және техникалық жұмыс үрдісін ұйымдастыруда топтық жұмыс мәдениетінің қалыптаспауы пәндерді біріктіруге кедергі келтіреді.

Жұмыс барысында интеграциялы оқыту мақсаттары мен міндеттері нақтыланбай және басшылық тарапынан қолдау табылмауы кедергі болып табылады. ЖОО деңгейінде интеграциялық оқытуға қолдау көрсететін нақты бағдарлама, қаржыландыру немесе басқару жүйесі қалыптаспаған [12]. Көркем білім беру үрдісіне интеграциялы білім беруге бағытталған оқыту жүйесінің жоспарлы құрылымы мен бағдарламасы белгіленуі қажет. Сонда ғана құрылымдалған жүйелі үрдіс көркем білім беруде білім берушілер ынтымақтастық мәдениетін қалыптастырады.

Зерттеудің теориялық кезеңінде ғылыми әдебиеттерден, диссертациялардан және мақалалардан тақырыпқа байланысты кілттік сөздер арқылы журналдардан алынып теориялық анализ, синтез, дедукция және индукция әдістері қолданылды. Зерттеу жұмысы екі өзара байланыста теориялық және эмпирикалық кезеңдерде жалғасты. **Эмпирикалық кезеңде** көркемдік білім беруде болашақ педагогтің кәсіби шеберлігін қалыптастыруда интегративті оқыту маңыздылығын анықтау үшін Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының біліктілік деңгейлері әртүрлі оқытушы профессорлар құрамынан сауалнама жүргізілді 1-кестеде көрсетілген. **Эмпирикалық кезеңде** көркем білім беру оқытушыларынан алынған деректерінен интеграциялы оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері ғылыми тұрғыдан зерттелді.

Кесте 1 – Респонденттердің біліктілік деңгейлері

Ғылыми дәреже/ мүшелік	Саны	%
Бакалавр	2	14,3
Магистр	6	42,9
П.ғ.к.	1	7,1
PhD доктор	1	7,1
Суретшілер одағының мүшесі	3	21,4
Барлығы	14	100
Ескерту: авторлармен құрастырылған		

Сауалнама алдында эксперимент жасауда этикалық мәдениет сақталып, білім берушілерге зерттеу мақсаттары түсіндірілді және олардың жауаптарының құпиялылығына кепілдік берілді.

Нәтижелер мен оларды талқылау

Интеграциялық білім мәселелері бойынша ғылыми зерттеу, көркемдік білім берудің кең саласындағы арнайы пәндермен, оны оқытатын білім берушілер арасында үздіксіз сабақтастықта ілгерілеу жетістіктерге әкелетіні анықталды. Көркем білім берудің заманауи ғылыми жетістіктерімен және оның салаларында интеграциялау қажеттілігі көркем білім беруде болашақ педагогтарының кәсіби дағдысын дамыту үшін қажет. Демек, көркем білім бағдарламаларының қазіргі заманғы ғылым жетістіктерін қабылдауы, үздіксіз прогресс пен жетістіктерге апарады.

Зерттеу мәселесінде интеграциялаудың негізгі мақсаты - тұлғаны дамыту мен қалыптастыруда, білім заңына сәйкес білім сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру үздіксіз үрдісі екені ғылыми зерттеу тұжырымдарынан анықталды. Оқу үрдісін жеңілдетуге және қысқа мерзімде меңгеруге мүмкіндік беретін интеграциялы оқыту әдістерінің жүйелік қажеттілігі айқындалды. Интеграциялы тұтас жүйелі оқу үрдісі білім берушілер арасында ынтамақтастыққа, өзара баланыс пен оңтайлы орта құрылуына тікелей байланысты. Оған топтық жұмыс мәдениетінің қалыптаспауы, жаңашылдық әдістердің нәтижесіне сенімсіздікпен қарауы, дәстүрлі білім беру жүйесіне дағдылану, оқу үрдісінің күрделілігіне, өз пәнінен шыға алмауы, уақыт тапшылығы және білім сапасының нәтижесі төмен болып қалудан, сын келуден қорқуы интеграциялы оқыту үрдісіне кедергілері болатыны анықталды. 1-ші суретте көрсетілгендей анықталған кедергілерді жан-жақты және егжей-тегжейлі зерттеу барысында және әртүрлі көздерден алынған ғылыми тұжырымдармен салыстыру мақсатында көркем білім беру мамандығының оқытушы профессорлар құрамынан интеграциялы оқытуда педагогикалық ғылыми эмпирикалық сауалнамасының нәтижесі алынды.



Сурет 1 – Сауалнама нәтижелерінің салыстырмалы диаграммасы
Ескерту: авторлармен құрастырылған.

Зерттеу талдауында білім берушілердің арнайы пәндерді интеграциялы оқытудың маңызды мәселесін анықтауда жасалған сауалнама нәтижелері мен ғалымдар зерттеулерінің теориялық тұжырымдары нәтижесі көркемдік білім беру үрдісінде интеграциялық оқытудың кемшіліктер мен кедергілер арасында сәйкестік бар, пәнаралық оқытуды қолдауда үйлесімділік таппауы, қажеттілігі және интеграцияланған әдістерді қолдану іс-әрекетінде тәжірибесінің төмендігі, интеграциялы тапсырмаларға оқу материалдарын толық қолданбауы, оқу құрал-жабдықтарын жеткілікті пайдаланбауы, интеграция әдістерін қолдануда тәжірибе аздығы, дәстүрлі оқыту әдісінен арылмауы, кемшіліктен қорқыныш, уақыт тапшылығы. Бұл кемшіліктерді көркем білімде біріктірілген пәндерді оқыту мәселеріне байланысты жасалған сауалнаманың нәтижесі расталып отыр.

Зерттеу нәтижесінде оқытушылар көркем білім пәндерін интеграциялы оқыту білім жетілдіруде 16,7 %-ы ғана жақсы нәтиже беретіне толық келіседі, 75 %-ы келіседі, ал 8,3 %-ы бейтарап қалды, сауалнама екінші сұрағы интеграциялы оқыту көркем білім беруде

білім алушылардың кәсіби шығармашылық дағдысын арттыратына 25 %-ы толық келіседі, 58,3 %-ы келіседі, ал 16,7 %-ы бейтарап екенін көрсеткен.

Интеграциялы оқу жоспарын құруға оқытушылар 16,7 %-ы бейтарап қалса, 16,7 %-ы келіседі, 66,7 %-ы толық келіседі демек, пәнаралық оқытуда топтық жұмысқа ынтымақтастық белсенділігі жоғары. Оқытушылардың өз пәндерін басқа пәндермен үнемі байланыстыруға 8,3 %-ы келіспейді немесе 8,3 %-ы бейтарап, ал 25 %-ы толық келіссе, 58,3 %-ы келіседі.

Пәнаралық оқытуда басшылық тарапынан қолдау көрсетуге қатысты 8,3 %-ы толық келіседі, 58,3 %-ы келісе, 16,7 %-ы бейтарап қалды, ал 16,7 %-ы бұл сұрақпен келіспеген. Сауалнамада оқытушылар көркем білімді интеграциялы оқыту үшін әдістемелік ресурстар жеткіліктілігіне 41,7 %-ы келіспейді және 8,3 %-ы бейтарап, 50 %-ы келіседі. Білім беру бағдарламаларын интеграциялау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар жетіспеуіне 83,3 %-ы келіседі, 16,7 %-ы бейтарап қалды.

Цифрлық құралдарды академиялық пәндердің практикалық сабақтарында қолдану қиындығын 8,3 %-ы толық келіседі, 58,3 %-ы келіседі, 25 %-ы бейтарап, 8,3 %-ы келіспейді. Оқытушылар интеграция әдістері мен тәсілдерін көркем білім беру сабақтарында қолдануға 66,7 %-ы келіседі, 25 %-ы бейтарап, 8,3 %-ы келіспейді.

Интеграцияланған сабақтарды дайындау үшін жеткілікті уақыт жоқтығына 8,3 %-ы толық келісе, 58,3 %-ы келісетінін білдірді. Зерттеу нәтижесінен оқытушылардың интеграциялы оқытуға оң көзқараста болғанымен, оқу жоспарын құру, әдістемелік қамтамасыз ету, уақыт ресурсы және цифрлық технологияларды тиімді қолдану сияқты бірқатар кедергілердің бар екені айқындалды. Сауалнама нәтижесі оқытушылардың интеграциялы оқытуда бірқатар негізгі кедергілері жоғарыда талқыланған ғалымдар тұжырымдарымен салыстырмалы сәйкес келеді. Аталған кемшіліктер мен кедергілер интеграциялы оқыту үрдісінің жүзеге аспауына және болашақ көркем білім педагогтарының кәсіби біліктілігінің дамымауына әсер етеді.

Интеграциялы оқыту үрдісін жүзеге аспау салдарын жіктеп көрсек: сенімсіздік салдары, оның туындауы интеграция әдістерін толық түсінбеуден, академиялық пәндерді оқытуда дәстүрлі білім беруден шыға алмауы, оқытушылар арасында пәнаралық оқытуда ынтымақтастық пен топтық жұмыстың нашарлығынан туындайды. Бұндай сәтсіз оқу үрдісін білім бағдарламасының интеграциялы жүйелі жұмысы толықтыра алады. Зерттеушілер интеграция, егер біріншіден, бұрын бір нәрседі ажыратылған элементтер болса, екіншіден, оларды біріктірудің объективті алғышарттары болса, үшіншіден, элементтердің бірігуі жиынтық арқылы, төртіншіден, осындай нәтиже болған жағдайда пайда болады деген қорытындыға келеді, бірлестіктер – бұл тұтастық қасиеттеріне ие жүйе [13]. Осылайша, интеграция тек алдын ала ажыратылған элементтерді біріктірумен және олардың біртұтас жүйеге жинақталуы нәтижесінде ғана жүзеге асады. Сондықтан, көркем білім беруде интеграциялы оқытуда сурет, мүсін, пластикалық анатомия, өнер тарихы пәндерінің өзара байланысын қамтамасыз ететін объективті алғышарттар болғанда ғана жүзеге асады. Бұл элементтер біртұтас әдістемелік және мазмұндық жүйеге біріктірілген жағдайда, көркемдік ойлауды, шығармашылық қабілетті және орындаушылық дағдыларды жаңа сапалық деңгейде дамытатын тұтас білім беру құрылымын қалыптастырады.

Көркемдік білім беру динамикалық эволюциясы арнайы пәндерінің шығармашылық білім деңгейін арттыру мен кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруде интерактивті оқыту әдістері заманауи инновациялық жетістіктер мен сандық құралдарды интеграциялаумен маңызды. Көркемдік білім беруде болашақ педагогтің кәсіби шеберлігін қалыптастыру сонымен қатар заманауи инновациялық жетістіктер мен технологияларға да сүйенеді. Жаһандық желі бейнелеу өнерінің әртүрлі салаларында қолданылатын жан-жақты білім беру жоспарлары мен бөлімдеріне қол жеткізу мүмкіндіктерін ұсына отырып, осы

жетістіктерді пайдалану үшін кеңістікті қамтамасыз етеді [14]. Сандық технология және жасанды интеллект көркем білімде интеграциялануы білім алушылардың оқу тәжірибелерін толықтырады. Дегенмен, көркем білім беруде арнайы пәндерді инновациялық сандық технологиялар арқылы оқытуда белгілі бір мәселелер бар. Атап айтқанда, академиялық шынайы көркем бейнелеу қағидаттарын жоғалтпау керек, ол үшін бейнелеу дағдыларын сандық құралдар мен графикалық бағдарламаларда бейнелеу дәстүрлі әдістерімен ұштастыра дамыту қажет. Демек, көркем білімде сандық құралдарды меңгеру ол болашақтың жаһандану талабы, жаңа құралдар мен платформалар, сандық дағдыларды дәстүрлі академиялық пәндермен жетік бейімделу және үйренуі болашақ педагогтің кәсіби дамуына қызмет етеді.

Көркем білім интеграциялы оқыту бағдарламасында, кәсіби дағды жетілдіруде, тәжірибелі кәсіби суретші маманның пәнаралық оқыту іс-әрекетіне байланыстыру маңызды. Университеттің көркем өнер бағдарламаларына кәсіби суретшілерді қосу студенттерге әр түрлі пәндер бойынша тәжірибелі суретшілермен және орындаушылармен шынайы кездесулер өткізу арқылы педагогикалық ландшафтты көтереді. Кәсіби суретшілер нұсқаушы ретінде де, шабыттандырушы ретінде де қызмет етеді, бұл жарқын және серпінді оқу ортасын дамытуға ықпал бар. Тәжірибеден өтушілермен тікелей қарым-қатынас жасау арқылы шығармашылық пәндері бойынша көркемдік өсу мен ізденіс үшін бірегей мүмкіндіктер беріледі, осылайша жоғары оқу орындарындағы оқу бағдарламаларының жалпы сапасы мен тиімділігі артады [15]. Сондықтан, білім алушының көркем шығармашылық дағдысын жетілдіруде, тәжірибелі кәсіби суретші маманның оқыту іс-әрекетіне байланыстыру жақсы нәтижеге жеткізеді.

Сонымен қатар қойылған мәселе бойынша интеграциялық идеяларды жүзеге асыру және оқыту барысында бірнеше сұрақтар туындайды. Біріншіден бірлескен сабақтарының бағалау күрделілігі, баға бір пән бойынша жүргізіліп, пәндер бөлінуіне апаруы мүмкін. Екіншіден көркем білім арнайы пәндерінің арасында біріктірілген сабақ үрдісін жоспарлауда заманауи инновациялық құралдар жасанды интеллект және сандық технологиялармен білім беруде оқытушылардың деңгейінің бірдей болмауы. Сол себепті интеграциялы оқыту кемшіліктері мен кедергілерін, маңызды негізгі қайшылықтарын әлі де зерттеу қажет.

Қорытынды

Жоғары оқу орнындағы болашақ педагогтің кәсіби шеберлігі мен құзыреттілігін арттыруда, көркем білім беру арнайы академиялық пәндерінің интеграциялы оқыту шеңберіндегі өзектілігі зерттеліп талқыланды. Арнайы пәндердің көркемдік білімде өзара байланыстарын нығайтып, теориялық және тәжірибелік пәндердің интеграциялы оқытуда ортақ ұғымын ұштастыруда, пәнаралық байланысқа негізгі кедергілері, білім берушілердің ынтымақтастыққа қабілеттілігі, оқу бағдарламасында біріктірілген пәндердің мақсат мен міндеттері, педагогикалық үдерісте тиімді әдістерін қолдануы мен интеграциялы білім беру үрдісінде басшылықтан және ұжымда өзара қолдау табу мәселесі қойылды. Мақсат білім алушылардың академиялық белгіленген өлшеулі сағаттарында кәсіби білімін дамытуда интеграциялы оқыту көркемдік білім арнайы пәндерін оқытушыларының өзара әрекеттесуінен, білімді жетілдіруде қаншалықты бірін-бірі толықтыратын анықтау.

Интеграциялы оқыту мәселесін анықтау мақсатында көркем білім беру педагогикалық ғылыми эмпирикалық әдісте сауалнама жүргізіліп эксперимент жасалды. Сауалнама нәтижесін және зерттеу барысындағы ғылыми еңбектер тұжырымдамаларынан шолу мақала тақырыбына байланысты мәселесінің кемшіліктері мен кедергілері нақтыланды. Бұл сауалнама нәтижесінің кемшіліктері мен кедергілері интеграциялы оқыту үрдісінің жүзеге аспауына оқытушылардың сенімсіздік салдары, интеграция әдістерін толық түсінбеуі, академиялық пәндерді дәстүрлі оқытуды пайдаланудан шыға

алмауы және оқытушылар арасында пәнаралық оқыту ынтымақтастығы мен ұжымдық жұмыстарындағы ортақ мәселесінен туындайды.

Қорытындылай келе, арнайы шығармашылық пәндерді оқытуда көркем дағдыларын меңгеруге интеграцияның тиімді жүруі оқу бағдарламасындағы тұтас жүйелі жұмысына, оқу бағдарламасы үрдісінде элективті курстармен оқыту үрдісін жоспарлауға, арнайы пәндерді оқыту үрдісінде кәсіби суретшілер қызметін жандандыру белсенді ынтымақтастығы көркем білімде дағды дамытады. Сонымен қатар, дәстүрлі академиялық оқыту үрдісінде сандық технология және жасанды интеллект әдістерімен интеграциялы оқыту білім алушылардың кәсіби дамуына ықпал етеді. Бұл интеграциялық идеяларды жүзеге асыру оның дамуы үшін тек алғышарттарды қалыптастырады және интеграциялық үдерістің толыққанды шешімі бола алмайды. Сондықтан, интеграциялы оқыту мәселесі әлі де терең ғылыми зерттеуді қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жампеисова К. К. Жоғары педагогикалық білім берудегі интеграцияның, интеграциялық процестердің әдіснамалық негіздері// Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Хабаршы».- 2022.- №3. - Б. 5-12.
2. Mariia Kovalova., The Role of Artistic Practice and Practical Experience in Higher Art Education: Analysis of Methodologies and the Structure of Practical Courses // Journal of Curriculum and Teaching.- Vol. 13, No. 3; Special Issue, 2024.
3. Barritt, L. (2021). (Re)Considering Pedagogy - Entangled Ontology in a Complex Age: Abstraction Pedagogy and the Critical Pedagogical Importance of Art Education for Other Discipline Areas. International Journal of Art & Design Education, 40(4), P. 784-793.
4. Сухарев А. И. Интеграция как средство реализации системы непрерывного художественного образования. Омский государственный педагогический университет «Омский научный вестник».- №3(88).- 2010.- С. 247-250.
5. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі, №319-III Заңы. [Электрондық ресурс] — URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_A (қаралу уақыты 01.07.2025).
6. Башкатов И.А. Интеграция специальных дисциплин (рисунка, скульптуры и пластической анатомии) в процессе художественно-педагогического образования: дис.док. пед. наук: 13.03.2018: защищена 20.03.2018: утв. 20.06.2018 /Башкатов Иван Александрович.-Ом., 2018.-390 с. – Библиоогр.: С. 319-347.
7. Roshchin S.P. Artistic literacy in the paradigms of teaching fine arts // Humanities & Social Sciences Reviews. -2020.-No 2(8).
8. Баймуратов М.Т. (2014)–Көркем еңбек пен технология пәндерін интеграциялау жолдары. – Алматы: РБК, 120 б.
9. Jacobs, H. (1991). Planning for the curriculum integration. Educational Leadership, 49, 24-29. Retrieved on May 7, 2005, from EBSCO Host. Jacobs, 1991.
10. Suraco T. L. An interdisciplinary approach in the art education curriculum. - 2006. <https://scholarworks.gsu.edu/server/api/core/bitstreams/44da2277-2f34-43af-be84-fed9a5a78d55/content>.
11. Сарсенбаева А.К. (2019). Пәнаралық байланысты жүзеге асырудағы ұжымдық іс-әрекет мәселелері. // «Педагогика және психология» журналы, №2 (69), Б. 45–50.
12. Кенжебекова Ж.К. (2020). Жоғары білім жүйесінде интеграциялық оқыту модельдерін енгізу тәжірибесі. // «Білім берудегі жаңа технологиялар» ғылыми журналы, №4, Б. 21-27.
13. Данилюк А. Я. Теоретико-методологические основы интеграции в образовании (Опыттеоретическойдидактики): дис.... канд. пед. наук: 13.00.01. / Данилюк, А. Я.- Рос-на-Д., 1997.- 232 с.
14. Stoliarchuk, O., Binkivska, K., Khrypko, S., Spudka, I., Chop, V., Chornomordenko, I., & Salo, H. (2024). Interaction of digital trends and sustainable development: The role of contemporary art. European Journal of Sustainable Development, 13(1), - P. 278-290.
15. Dobrovolska R. Modern Trends in Teaching Artistic Techniques and Methods: Analysis of Approaches to the Development of Artists // Journal of Curriculum and Teaching. -2024.-№3(13). - P.79-90.

ПРОБЛЕМЫ ИНТЕГРАЦИИ В ПОВЫШЕНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КВАЛИФИКАЦИИ ПЕДАГОГА ХУДОЖЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ВЫСШЕМ УЧЕБНОМ ЗАВЕДЕНИИ

Аннотация

Научная статья посвящена исследованию значимости эффективного интеграционного обучения в процессе модернизации высшего образования для развития профессионального мастерства и компетенций будущего педагога в области художественного образования в рамках академически установленных сроков обучения. Цель исследования – повышение эффективности процесса интеграционного обучения в художественном образовании, определение его содержания и механизмов, а также выявление факторов, препятствующих его реализации. В процессе интеграционного обучения выявляются способности преподавателей к сотрудничеству, умению интегрировать учебные программы, применять эффективные методы в педагогическом процессе, а также устанавливаются основные барьеры в вопросах получения взаимной поддержки со стороны руководства и коллектива при системной организации данного процесса.

Исследование основано на теоретическом анализе, синтезе, дедукции и индукции с использованием научной литературы, диссертаций и статей, отобранных из журналов по ключевым словам, связанным с темой. В рамках педагогического научного эмпирического метода был проведён опрос преподавателей специальности «Художественное образование» по вопросам интеграционного обучения, а также проведён анализ результатов эксперимента. Сравнительный анализ результатов анкетирования и выводов из научных работ показал, что в процессе интеграционного обучения основными проблемами являются: недоверие преподавателей, неполное понимание методов интеграции, неспособность отказаться от традиционного преподавания академических дисциплин, а также общие барьеры в междисциплинарном сотрудничестве и коллективной работе. Статья направлена на определение эффективности процесса интеграционного обучения в художественном образовании и условий, необходимых для его реализации.

Ключевые слова: художественное образование, будущий педагог, интеграция специальных дисциплин, профессиональное мастерство, творческие способности.

PROBLEMS OF INTEGRATION IN ENHANCING THE PROFESSIONAL QUALIFICATIONS OF AN ART EDUCATION TEACHER IN HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS

Annotation

The scientific article is devoted to the study of the significance of effective integrative teaching in the process of modernising higher education for the development of professional mastery and competencies of future art education teachers within the framework of academically established periods of study. The study aims to improve the efficiency of the integrative teaching process in art education, to define its content and mechanisms, as well as to identify factors that hinder its implementation. In the process of integrative teaching, the abilities of teachers for collaboration, the ability to integrate curricula, the use of effective methods in the pedagogical process, as well as the main barriers to obtaining mutual support from the administration and colleagues in the systematic organisation of this process are identified.

The research is based on theoretical analysis, synthesis, deduction, and induction, using scientific literature, dissertations, and articles selected from journals through keywords related to the topic. As part of the pedagogical scientific empirical method, a survey was conducted among teachers of the “Art Education” speciality on issues of integrative teaching, followed by an analysis of the experimental results. A comparative study of the survey results and the conclusions from scientific works showed that the main problems in the process of integrative teaching are: lack of trust among teachers, insufficient understanding of integration methods, inability to abandon the traditional teaching of academic disciplines, as well as common barriers in interdisciplinary cooperation and teamwork. The article focuses on determining the effectiveness of the integrative teaching process in art education and the conditions necessary for its implementation.

Keywords: art education, future teacher, integration of special disciplines, professional skills, creative abilities.

REFERENCES

1. Jampeisova K. K. Joғary pedagogikalyq bilim berudegi integrasiyanyń, integrasiyalyq prosesterdiń әdisnamalyq negizderi [Methodological foundations of integration, integration processes in higher pedagogical education]// Abai atyndaғы Qazaq ultiyq pedagogikalyq universiteti «Habarşy».- 2022.- №3. - P. 5-12 [in Kazakh]

2. Mariia Kovalova., The Role of Artistic Practice and Practical Experience in Higher Art Education: Analysis of Methodologies and the Structure of Practical Courses // Journal of Curriculum and Teaching.- Vol. 13, No. 3; Special Issue, 2024 [in English]
3. Barritt, L. (2021). (Re)Considering Pedagogy - Entangled Ontology in a Complex Age: Abstraction Pedagogy and the Critical Pedagogical Importance of Art Education for Other Discipline Areas. International Journal of Art & Design Education, 40(4), P. 784-793 [in English]
4. Suharev A. I. Integraciya kak sredstvo realizacii sistemy nepreryvnogo hudozhestvennogo obrazovaniya. Omskij gosudarstvennyj pedagogicheskij universitet «Omskij nauchnyj vestnik» [Integration as a means of implementing a continuous art education system. Omsk State Pedagogical University "Omsk Scientific Bulletin"].- №3(88).-2010.- P. 247-250 [in Russian]
5. Bılım turaly Qazaqstan Respublikasynyń 2007 jylǵy 27 şıldedegı, №319-III Zańy [Law of the Republic of Kazakhstan on Education dated July 27, 2007, No. 319-III]. Available at: — URL https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_A (accessed 01.07.2025) [in Kazakh]
6. Bashkatov I.A. Integraciya special'nyh disciplin (risunka, skul'ptury i plasticheskoy anatomii) v processe hudozhestvenno-pedagogicheskogo obrazovaniya: dis.dok. ped. Nauk [Integration of special disciplines (drawing, sculpture and plastic anatomy) in the process of art and pedagogical education: Doctor of Pedagogical Sciences]: 13.03.2018: zashchishchena 20.03.2018: utv. 20.06.2018 /Bashkatov Ivan Aleksandrovich.-Om., 2018.-390 s. – Biblioogr.: P. 319-347 [in Russian]
7. Roshchin S.P. Artistic literacy in the paradigms of teaching fine arts // Humanities & Social Sciences Reviews. -2020.-No 2(8) [in English]
8. Baimuratova M.T. (2014) – Kórkem eńbek pen tehnologia pánderin integrasialau joldary [Ways to integrate disciplines of artistic labor and technology]. – Almaty: RBK, 120 p [in Kazakh]
9. Jacobs, H. (1991). Planning for the curriculum integration. Educational Leadership, 49, 24-29. Retrieved on May 7, 2005, from EBSCO Host. Jacobs, 1991 [in English]
10. Suraco T. L. An interdisciplinary approach in the art education curriculum. - 2006. <https://scholarworks.gsu.edu/server/api/core/bitstreams/44da2277-2f34-43af-be84-fed9a5a78d55/content> [in English]
11. Sarsenbaeva A.K. (2019). Pánaralyq bailanysty júzege asyrudaǵy újymdyq is-áreket máseleleri. // «Pedagogika jáne psihologia» jurnaly [Problems of collective activity in the implementation of interdisciplinary communication. // Journal "pedagogy and psychology"], №2 (69), P. 45–50 [in Kazakh]
12. Kenjebekova J.K. (2020). Joǵary bılım júiesinde integrasialyq oqytu modelderin engizu tájiribesı. // «Bılım berudegi jańa tehnologialar» ğylymi jurnaly [Experience in implementing integration learning models in the higher education system. // Scientific journal "new technologies in education"], №4, P. 21-27 [in Kazakh]
13. Danilyuk A. YA. Teoretiko-metodologicheskie osnovy integracii v obrazovanii [Theoretical and methodological foundations of integration in education] (Opytteoreticheskoididaktiki): dis.... kand. ped. nauk: 13.00.01. / Danilyuk, A. YA..- Ros-na-D., 1997.- 232 p [in Russian]
14. Stoliarchuk, O., Binkivska, K., Khrypko, S., Spudka, I., Chop, V., Chornomordenko, I., & Salo, H. (2024). Interaction of digital trends and sustainable development: The role of contemporary art. European Journal of Sustainable Development, 13(1), - P. 278-290 [in English]
15. Dobrovolska R. Modern Trends in Teaching Artistic Techniques and Methods: Analysis of Approaches to the Development of Artists // Journal of Curriculum and Teaching. -2024.-№3(13). - P.79-90 [in English]

Information about authors:

Urazbay Karabalin -**corresponding author**, a doctoral student of the Department of Vocational Training and Fine Arts. South Kazakhstan Pedagogical University named after Zhanibekov, Shymkent, Republic of Kazakhstan

E-mail: oraz_74@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7471-7851>

Zhanar Nebesaeva - PhD, Associate Professor, Department of Vocational Training and Fine Arts, Zhanibekov University, Shymkent, Republic of Kazakhstan

E-mail: nebessayeva.zhanar@okmpu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4358-3923>

Информация об авторах:

Уразбай Карабалин - **основной автор**, докторант кафедры «профессиональное обучение и изобразительное искусство». Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, г. Шымкент, Республика Казахстан

E-mail: oraz_74@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7471-7851>

Жанар Небесаева - доктор философии PhD, и.о. ассоциированного профессора, кафедра профессионального обучения и изобразительного искусства, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібекова г. Шымкент, Республика Казахстан

E-mail: nebessayeva.zhanar@okmpu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4358-3923>

Авторлар туралы ақпарат:

Уразбай Карабалин – **негізгі автор**, «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының докторанты. «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті», Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: oraz_74@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7471-7851>

Жанар Небесаева - философия докторы PhD, қауымдастырылған профессор м.а., Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: nebessayeva.zhanar@okmpu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4358-3923>